

Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімінің шешіміне, Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № А-5/221 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 5С-37-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда № 4843 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімінің шешіміне, Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Кулагин

*А қ м о л а о б л ы с т ы қ
м ә с л и х а т ы с е с с и я с ы н ы ң*

төрағасы

Қ.Сұлтанов

А қ м о л а о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

Н.Дьячек

*А қ м о л а о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы
№ А - 5 / 2 2 1 қ а у л ы с ы н а
м е н А қ м о л а о б л ы с т ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң 2 0 1 5 ж ы л ғ ы
2 2 м а м ы р д а ғ ы № 5 С - 3 7 - 6
шешіміне қосымша*

**Ақмола облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы
Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімінің шешіміне, Ақмола
облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне
енгізілетін өзгерістердің тізбесі**

1. «Аршалы, Еңбекшілдер және Целиноград аудандарының жекелеген селолық округтері мен елді мекендерінің атауын өзгерту туралы» Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімінің бірлескен 2001 жылғы 31 қазандағы № С-11-7 шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 882 болып тіркелген, «Ақмолинская правда» газетінде 2002 жылғы 5 қаңтарда жарияланған):

орыс тіліндегі 1-тармаққа өзгерістер енгізіледі;
тақырыбында және 1-тармақта «селосы», «селолық» сөздері тиісінше «ауылы», «
ауылдық» сөздерімен ауыстырылады.

2. «Целиноград ауданының Малиновка селосы мен Малиновка селолық округінің атауларын өзгерту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі № А-5/144 қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының 2007 жылғы 27 сәуірдегі № ЗС-26-3 шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3222 болып тіркелген, «Арқа ажары», «Ақмолинская правда» газеттерінде 2007 жылғы 24 маусымда жарияланған):

орыс тіліндегі 1-тармаққа өзгерістер енгізіледі;
тақырыбында және 1-тармақта «селосы», «селосының», «селолық» сөздері тиісінше «ауылы», «ауылының», «ауылдық» сөздерімен ауыстырылады.